№17
(8117)

# Ойыл

аудандық қоғамдық-саяси газет

28 сәуір
Сейсенбі,
2026 жыл

Газет 1930 жылдың қараша айынан бастап шығады

uil-gazet@mail.ru
Kokjar_tynysy

# ДЕПУТАТТАР ЕСЕП БЕРДІ:
## ХАЛЫҚПЕН АШЫҚ ДИАЛОГ

**ОЙЫЛ АУДАНЫНДА МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСУІ ЖОСПАРЛЫ ТҮРДЕ ЖАЛҒАСУДА. КЕЗЕКТІ КЕЗДЕСУ «AMANAT» ПАРТИЯСЫНЫҢ «КӨКЖАР-КЕРУЕН» БАСТАУЫШ ПАРТИЯ ҰЙЫМЫ МҮШЕЛЕРІМЕН ӨТІП, ОНДА АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ТӨРАҒАСЫ СӘКЕН ЗАЙМОЛДИН, АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫ, СОНДАЙ-АҚ ПАРТИЯНЫҢ АУДАНДЫҚ ФИЛИАЛЫНЫҢ АТҚАРУШЫ ХАТШЫСЫ ЕРКІН ЖИЕНАЛИН, ДЕПУТАТТАР ЖАНГҮЛ ІЗҒАРИНА МЕН ӨРКЕН АҚЕДІЛОВ ҚАТЫСЫП, АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР БОЙЫНША ЕСЕП БЕРДІ.**





Аталған бастауыш партия ұйымы аудан көлеміндегі белсенділігімен ерекшеленеді. Құрамына бірнеше партиялық топтарды біріктірген ұйымның қатарында мемлекеттік қызметкерлер, мәдениет және білім беру саласының өкілдері бар. Бұл өз кезегінде қоғамның түрлі салаларын қамтып, өзекті мәселелерді жан-жақты талқылауға мүмкіндік береді.

Кездесу барысында депутаттар өздерінің сайлауалды бағдарламаларының орындалу барысына тоқталып, сайлаушылар алдында берген уәделерінің жүзеге асырылу деңгейін баяндады. Халықтың әл-ауқатын арттыру, әлеуметтік мәселелерді шешу, инфрақұрылымды дамыту бағытында атқарылған жұмыстар нақты мысалдармен келтірілді.

Аудандық мәслихат төрағасы Сәкен Займолдин өз сөзінде ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына кеңінен тоқталды. Ол инвестициялық жобалардың жүзеге асырылуы, инфрақұрылымды жетілдіру бағытындағы жұмыстар және осы процестердегі депутаттардың ықпалы туралы жан-жақты айтып өтті. Аудан экономикасының негізгі көрсеткіштері, халықтың тұрмыс сапасын арттыруға бағытталған бастамалар мен жобалар да назардан тыс қалмады.

Депутат Жангүл Ізғарина өз баяндамасында депутаттық қызметі аясында атқарылған жұмыстарды жүйелеп, алға қойған міндеттері мен мақсаттарының орындалу барысына тоқталды. Сонымен қатар, сайлаушылар алдында берген уәделерінің орындалу деңгейін нақты мысалдар арқылы жеткізіп, тұрғындармен кері байланыстың маңыздылығын атап өтті.

Өз кезегінде Еркін Жиеналин «AMANAT» партиясының «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру аясындағы «Жол картасының» орындалу барысын баяндады. Ол аудан көлемінде белгіленген көрсеткіштердің кезең-кезеңімен орындалып жатқанын атап өтіп, партияның негізгі мақсаты – халықтың сенімін ақтап, нақты нәтижеге қол жеткізу екенін жеткізді.

Кездесу ашық форматта өтіп, қатысушылар өз ой-пікірлерін еркін білдірді. Жиын барысында медицина, білім беру, әлеуметтік қолдау және инфрақұрылым салаларына қатысты бірқатар өзекті мәселелер көтерілді. Депутаттар тарапынан қойылған сұрақтарға нақты жауаптар беріліп, ұсыныстар назарға алынды.

Мұндай кездесулер халық пен билік арасындағы байланысты нығайтып, ашық диалог орнатуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, тұрғындардың талап-тілектерін тыңдап, оларды шешудің тиімді жолдарын қарастыруға жол ашады. Ойыл ауданында бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын таба бермек.

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

# ҚОҒАМДЫҚ КӨМЕКШІ БОЛҒЫҢ КЕЛЕ МЕ?

**2025 ЖЫЛҒЫ 30 ЖЕЛТОҚСАНДА «ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР ПРОФИЛАКТИКАСЫ ТУРАЛЫ» ЗАҢ ҚАБЫЛДАНЫП, 2026 ЖЫЛДЫҢ 2 НАУРЫЗЫНДА ЗАҢДЫ КҮШІНЕ ЕНДІ.**




Заңның 46-бабында құқық бұзушылық профилактикасына қатысатын «Қоғамдық көмекшілер» ұғымы енгізілген. Қоғамдық көмекшілер - құқықтық насихатты ұйымдастыруға қатысуға, консультативтік-кеңесші органдардың жұмысына қатысуды, құқық бұзушылық профилактикасының басқа субъектілеріне жәрдемдесуді, құқық бұзушылықтың алдын-алу және жолын кесу арқылы жүзеге асырады.

Заңның 47-бабымен құқық бұзушылық профилактикасына қатысатын қоғамдық көмекшілерді көтермелеу шаралары көзделген. Әкімшілік құқық бұзушылық жасау фактісінің фото және бейнежазбасын қоса бере отырып, уәкілетті органдарға хабарлама жіберген азаматтар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті атқарушы органдардың шешімдері бойынша құқық бұзушыдан өндіріп алынған айыппұл сомасынан ақшалай сыйақымен көтермеленуі және де көтермелеудің өзге де шаралары қарастырылған.

Құқық бұзушылық профилактикасына ерікті түрде қатысып, қоғамдық көмекшілер қатарына тіркеліп, ауданымызда құқық бұзушылықтың алдын алуға және жолын кесуге, басқа азаматтардан қоғамдық тәртіпті сақтауды талап етуге, құқық бұзушылық профилактикасы субъектілеріне профилактикалық іс-шараларда жәрдем көрсетуге атсалысып, өз үлестеріңізді қосуға шақырамыз!

Қоғамдық көмекші болуға ниет білдірген азаматтар Ойыл ауданы әкімінің аппаратына 2-15-41 байланыс телефонына хабарласуларыңыз сұралады.

# БІЛІМДІГЕ ЖОЛ АШЫҚ!

**МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ КІРУДЕГІ АРТЫҚ КЕДЕРГІЛЕРДІ ЖОЮ ЖӘНЕ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСУ ТӘРТІБІН ЖЕҢІЛДЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ТАПСЫРМАСЫНА СӘЙКЕС ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ІСТЕРІ АГЕНТТІГІ БАСТАМАСЫМЕН «ҚР МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ» ЗАҢҒА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗІЛДІ. НӘТИЖЕСІНДЕ 2023 ЖЫЛДАН БАСТАП ЖАС МАМАНДАР ҮШІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ ОРНАЛАСУ ТЕТІГІ ЖЕҢІЛДЕТІЛДІ.**



Атап айтқанда, мемлекеттік білім беру гранты негізінде жоғары білім алып, оқуын GPA көрсеткіші 3,33-тен төмен емес нәтижемен аяқтаған түлектер диплом алған күннен бастап бір жыл ішінде бірқатар мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға конкурссыз орналасу мүмкіндігіне ие болды.

Аталған норма білікті жастарды мемлекеттік қызметке тарту, өңірлердегі кадр тапшылығын азайту және жас мамандарды жұмыспен қамту мақсатында енгізілген. Қазақстанда жастар үшін мемлекеттік қызмет — кәсіби өсуге, тұрақтылыққа және ел дамуына үлес қосуға мүмкіндік беретін маңызды мансаптық бағыт.

Бұл оқу орнын енді аяқтаған жас түлектерге жақсы мүмкіндік.

Осындай мемлекет ұсынған мүмкіндікті ұтымды пайдаланып, жоғарғы оқу орнын үздік аяқтаған жас мамандар біздің ауданда да конкурссыз-ақ мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға жұмысқа қабылданып жатыр.

Солардың бірі - Ақбаян Аяғанова. Көптоғай ауылында дүниеге келген Ақбаян Дулатқызы 2025 жылы Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетін философия және психология факультетін «Әлеуметтік қызметкер» мамандығын мемлекеттік білім беру гранты негізінде үздік дипломмен аяқтады.

«*Оқу орнын аяқтағаннан кейін мемлекеттік қызметке жұмысқа орналасу туралы жастарға мүмкіндіктер қарастырылғаны туралы естідім. Жоғарғы оқу орнындағы үздік жетістіктерімнің нәтижесінде мен үшін еңбек жолымды бастау кезеңінде жаңа мүмкіндіктерге жол ашылды.*

*Осы аталған бастаманың аясында мен мемлекеттік қызмет істері бойынша уәкілетті органның келісімімен «Ойыл аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ-не жетекші маман лауазымына жұмысқа қабылдандым. Мен жас маман ретінде осы қызметке тағайындалуым мемлекет тарапынан жасалған қамқорлықтың жемісі. Бұл мүмкіндіктер жастардың өз білімін тәжірибеде қолдануына, кәсіби тұрғыда дамуына және еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына белсенді қатысуына жол ашады. Осы ретте жастарға сенім артып, олардың кәсіби қалыптасуына жан жақты қолдау көрсетіп отырған Мемлекет басшысына шынайы ризашылығымды білдіремін.*

*Жастарға жасалған мұндай қамқорлық пен қолдау олардың елге деген сүйіспеншілігін арттырып, адал қызмет етуге деген ынтасын күшейтетіні сөзсіз.*

*Сондықтан, жоғарғы оқу орындарында оқып жатқан жастарға мемлекеттік қызмет жолын таңдағың келсе, біліміңнің сапасына баса назар аудар дегім келеді. Өйткені, мемлекеттік қызмет тек тұрақты жұмыс орны ғана емес, сонымен қатар қоғамға пайда келтіріп, ел дамуына үлес қосуға мүмкіндік беретін жауапты сала.*

*Мен жас маман ретінде, мемлекет тарапынан көрсетілген осындай сенім мен қолдауды жоғары бағалай отырып, өзіме жүктелген міндеттерді адал әрі сапалы орындауға, ел игілігі жолында аянбай еңбек етуге дайын екенімді білдіргім келеді.*

*Мемлекет тарапынан көрсетілген сенімді ақтау - мен үшін үлкен міндет, әрі абырой*» - дейді Ақбаянның өзі.

Қазіргі таңда толыққанды мемлекеттік қызметші мәртебесін алып, қызмет атқарып жатқан Ақбаян кейінгі буынға үлгі болып, жастардың білімге деген ұмтылысын арттырары хақ! Мемлекеттік қызмет істері Агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті мамандарының жастар арасында жиі түсінік жұмыстарын жүргізуінің нәтижесінде жергілікті жердегі мемлекеттік қызметшілердің сапалық құрамы білімді жас кадрлармен толыға бастады.

**Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,**
**Ойыл селосы.**

# АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ШЕШІМІ

**21 сәуір 2026 жыл** **№ 31** **Ойыл селосы**

**Аудандық мәслихаттың кезекті отыз бірінші сессиясын шақыру туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабының 2-тармағына сәйкес **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

Сегізінші шақырылған аудандық мәслихаттың кезекті отыз бірінші сессиясы 2026 жылдың 5 мамыр күні сағат 14.30-ға аудан әкімдігінің мәжіліс залына шақырылсын.

**Сессияның күн тәртібіне мына мәселелер енгізілсін:**

1. 2025 жылғы аудандық бюджеттің атқарылуына жүргізілген бақылау қорытындылары туралы

**Хабарламашы:** Ақтөбе облысы бойынша тексеру комиссиясы

2. 2025 жылғы Ойыл аудандық бюджеттің атқарылуы жөніндегі есепті бекіту туралы

**Баяндамашы:** Б.Әділханов - аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы

3. Өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуы туралы және облыстық мәслихаттың қағидалардың округте орындалуы туралы

**Баяндамашылар:**
Ойыл ауылдық округінің әкімі
Көптоғай ауылдық округінің әкімі
Ш.Берсиев атындағы ауылдық округінің әкімі
Сарбие ауылдық округінің әкімі
Саралжын ауылдық округінің әкімі
Қараой ауылдық округінің әкімі
Қайынды ауылдық округінің әкімі

4. Өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуы туралы аудандық сәулет, құрылыс, тұрғын үй, коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі басшысының есебі туралы

**Баяндамашы:** А.Жалелов - Ойыл аудандық С,Қ,ТҮКШ, ЖК және АЖ бөлімінің басшысы

**Аудандық мәслихат төрағасы:** **С.Ғ.Займолдин**

# ПЕСТИЦИДТЕРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ ҚАУІПСІЗДІК ҚАЛАЙ САҚТАЛАДЫ?



Пестицидтерді қолдану тіркеу куәлігі болған кезде ғана жүзеге асырылады. Пестицидтермен істелетін барлық жұмыстар тігілген және нөмірленген журналда тіркеледі. Оларда міндетті түрде мынандай мәліметтер көрсетіледі:

**Пестицидтердің атауы;**
Әсер етуші заттың атауы және қабылданған пестицидтер жіктемесіне сәйкес пестицидтің қауіптілігі;
Организмнің атауы;
Жұмсау нормасы;
Ертіндінің көлемі;
Ертіндінің дайындалған күні;
Өңдеу түрі( жер үсті, авиациялық, аэрозольдік);
Орны мен алаңы;
Өңделген күні;
Өңделген дақылдың түрі.

Пестицидтармен жұмыс істелетін орындар пестицидтерді қолдану жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезіндегі қауіпсіздік шаралары туралы көрнекі құралдармен, нұсқаулармен, жадынамалармен қамтамасыз етілуі тиіс. Пестицидтермен өңделген жерден 3-4 км аумақта ара омартасы және мал болмауы тиіс. Пестицидтерді қолдану, пайдалану регламенттеріне (жұмыс нормасы, өңдеу тәсілі мен еселігі, шектеулер, күту мерзімдері, ұсынылған жеке қорғаныс құралдарынан қолдану) сәйкес жүзеге асырылады. Қолдану барысында регламентті мейлінше сақтап, арнайы киім, респиратор киіп, қауіпсіздік техникасы сақталауы тиіс. Пестицидтермен жұмыс істейтін жұмысшы медициналық тексеруден өтуі тиіс. Пестицидтермен жұмыс істеген кезде жұмыс орындарында темекі шегуге, ашық отты пайдалануға, тамақ ішуге жол берілмейді. Өсімдіктерді пестицидтермен тозаңдатуды және бүріктіруді ерте және кешкі желдің жылдамдығы жерүсті аппаратурасын қолданған кезде 3 м/с және авиацияны қолданған кезде 2 м/с аспағанда жүргізуге рұқсат етіледі.

Жалпы өсімдік қорғау препараттарын күн ыстықта, желді-жаңбырлы ауа-райында қолдануға қатаң түрде тыйым салынады. Себебі, күн ыстықта жер бетінен жылы ауа жоғары көтерілетіні белгілі, өте ұсақ тамшымен шашылған пестицидтің әсерлі заттары буланып, жоғары қозғалған ауа ағысымен көкке ұшып кетеді. Желді күні шашылған дәрі желмен мүлде басқа жаққа ұшып, адамдарды, малды улап, зиянын тигізеді. Жаңбырлы күні шашылған пестицидтерді жаңбыр шайып кететіндігі айтпаса да түсінікті. Пестицидтерден босаған ыдыстарды тұрмыста қолдануға мүлде болмайды!

**Ғ. ҚҰБАЕВ,**
**Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.**



## ЕАЭО-ҒА МҮШЕ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ 100 МЫҢНАН АСТАМ АЗАМАТЫ ҮШІН БЖЗҚ-ҒА ЖАРНАЛАР АУДАРЫЛДЫ

2021 жылдан бастап Еуразиялық экономикалық одаққа (ЕАЭО) мүше мемлекеттер қол қойған Келісім күшіне енді. Осы Келісімге сәйкес, аталған елдердің азаматтары Одаққа мүше мемлекеттердің аумағында ресми түрде жұмыс істеген жағдайда, олардың еңбек өтілі мен зейнетақы жинақтары есептеліп, сақталады.

2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстанда: Қазақстан Республикасының аумағында еңбек шарттары негізінде еңбек қызметін жүзеге асыратын ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің 105 029 азаматы үшін БЖЗҚ-ға зейнетақы жарналары аударылды.

**СОНЫМЕН ҚАТАР:**

ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің азаматтарына зейнетақы төлемдерін тағайындау бойынша 291 өтініш орындалды.

**ОНЫҢ ІШІНДЕ:**

266 азаматқа Қазақстан заңнамасына сәйкес зейнеткерлік жасқа толуына байланысты зейнетақы төлемдері тағайындалды;
25 мұрагерге еңбек етушілердің қайтыс болуына байланысты зейнетақы төлемдері тағайындалды.

Зейнетақы активтерін басқару мүмкіндігі

Қазақстанда зейнетақы жүйесі салымшыларға қаражатты тек болашаққа жинақтаумен шектелмей, оны басқару мүмкіндігін де ұсынады.

Әдетте зейнетақы активтерін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басқарады.

Сонымен қатар, салымшылар міндетті және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының 50%-ына дейін, ал ерікті зейнетақы жарналарын толығымен инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруына бере алады.

Бұл өз жинақтарын басқаруға қатысып, инвестициялық шешімдерді саналы түрде таңдауға мүмкіндік береді.

Зейнетақы жүйесіне қатысты ақпаратты ресми дереккөздерден алыңыз БЖЗҚ-ның әлеуметтік желілердегі парақшаларында зейнетақы жүйесіне қатысты өзекті ақпарат, заңнамадағы өзгерістер мен жинақтардың қалай қалыптасатыны жайлы түсінікті мәліметтер тұрақты түрде ұсынылады.

Мұнда көкейіңіздегі сұрақтарға жауап тауып, тақырыпты кеңірек ұғынуға көмектесетін пайдалы мәліметтермен таныса аласыз

БЖЗҚ Threads платформасында да бар –бұл ақпаратпен жедел әрі ыңғайлы түрде бөлісетін жаңа алаң. Жаңалықтардан қалыс қалмай, ресми ақпаратты тікелей алу үшін біздің аккаунттарға жазылыңыз.

# СУ ТАПШЫЛЫҒЫ МЕН КЛИМАТ ҚЫСЫМЫ: АГРОСЕКТОР ҚАЛАЙ ТӨТЕП БЕРЕДІ?

Қазақстанда ауа райының құбылуы мен жауын-шашынның азаюы өнімділікке әсер етіп отыр. Аграрлық сала қандай сын-қатерлермен күресіп жатыр және оның шешімі қандай?

Жаһандық жылыну – басты қатер

Елімізде орташа температура біртіндеп өсіп келеді. Соның әсерінен егінге қажетті ылғалдың азаюы байқалады. Әсіресе, оңтүстік өңірлерде құрғақшылық тәуекелі жоғары. Солтүстікте жағдай біршама тұрақты болғанымен, климаттағы өзгерістер мұнда да әсер етіп жатыр.

Инженер-эколог, «Байтақ» Жасылдар партиясының атқарушы хатшысы Бекберген Керейдің айтуынша, ол Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігіне ықпал етуі мүмкін.

– Жаһандық жылыну – ауыл шаруашылығына әсер ететін негізгі фактор. Қазақстан мен Орталық Азияда температураның көтерілуі мен жауын-шашынның тұрақсыздығы байқалып отыр. Бұл жағдай, әсіресе, шөл және шөлейт аймақтарда айқынырақ сезіледі. Оңтүстік пен батыс өңірлерде құрғақшылық қаупі жоғары. Бұл үрдістер елдің азық-түлік қауіпсіздігіне қауіп төндіруі мүмкін, – дейді эколог.

Сарапшының пікірінше, Қазақстан өзгерістерге бейімделу бағытында жұмыс жүргізіп келеді.

– Құрғақшылыққа төзімді сорттарды енгізу тәуекелді азайтуға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл елімізде қолданылып жүр, – дейді спикер.

Егіс алқаптарын әртараптандыру қалай жүріп жатыр?

Проблемаға байланысты салада бейімделу шаралары кезең-кезеңімен күшейтілуде. Жауапты ведомство – Ауыл шаруашылығы министрлігі егіс алқаптарын әртараптандыруға ерекше көңіл бөліп отыр.

– Биыл егіс алаңы шамамен 23,8 млн гектарды құрайды, бұл өткен жылмен салыстырғанда 180 мың гектарға көп. Бидай монодақылын кезең-кезеңімен 12,1 млн гектарға дейін қысқарту, ал майлы және азықтық дақылдарды ұлғайту қарастырылған. Майлы дақылдар алқабын 4 млн гектардан асыру, азықтық дақылдарды 3,3 млн гектарға жеткізу жоспарлануда, – делінген министрлік жауабында.

Сарапшылардың айтуынша, мұндай өзгерістер егіншіліктің тұрақтылығын арттырып, нарыққа бейімделуді жеңілдетеді. Оңтүстік өңірлерде су көп қажет ететін дақылдарға да назар аударылып келеді. Мұнда су көлемі есепке алынып, егіс жұмыстары соған қарай оңтайландырылуда.

– Су пайдаланудың нақты шектеріне сәйкес, күріш алқабы 20 мың гектарға қысқартылып, жалпы 80 мың гектарға жетті. Оның ішінде Қызылорда облысы – 70 мың га, Алматы облысы – 5,8 мың га, Түркістан облысы – 3,5 мың га, Жетісу – 1 мың га. Мақта алқабы 162,4 мың гектар, оның 29,8 мың гектары тамшылатып суару әдісімен, ал 12 мың гектары дәстүрлі суару арқылы егіледі, – делінген ақпаратта.

Егіс алқаптарын бейімдеу тек көлеммен шектелмейді. Қандай дақыл өсірілсе де, оның жергілікті климатқа төзімді болуы – басты талап.

– Жыл сайын егіс алқаптарының 70-80%-ы аудандастырылады, жергілікті жағдайға сай сорттар себіледі. Елдегі егістіктің 93%-ы тәуекелді аймақта орналасқандықтан, селекция барысында құрғақшылыққа төзімді сорттарға көңіл бөлінеді, – делінген министрлік жауабында.

Қазіргі таңда республикада құрғақшылыққа бейімделген негізгі дақылдар кеңінен өсіріліп жатыр. Олардың қатарында жаздық бидайдың қатты және жұмсақ сорттары, арпа, тары, құмай, сондай-ақ ылғал тапшылығына төзімді дәнді бұршақтар бар. Бұл бағыттағы ғылыми жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуде. Селекциялау және жаңа сорттарды өндіріске енгізу «Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы» КЕАҚ-ның құрылымдары арқылы іске асып жатыр. Соңғы екі жылда 21 жаңа құрғақшылыққа төзімді сорт ұсынылған. Оның ішінде бидайдың 12 сорты, арпаның 3 сорты, сұлының 1 сорты, зығырдың 1 сорты және күнбағыстың 3 сорты бар.



С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің профессоры Айман Рысбекова бұл бағыттағы ілгерілеуді ғылымдағы нақты нәтижелермен байланыстырады.

– Дәстүрлі әдістермен қатар маркерлік селекция, биотехнологиялық әдістер және геномдық технологиялар селекция процесін жеделдетуге мүмкіндік береді. Құрғақшылыққа төзімді гендерді өсімдіктің толық пісіп-жетілуін күтпей-ақ молекулалық деңгейде анықтауға болады.

Отандық ғалымдар бұл бағытта нақты нәтижелерге қол жеткізіп отыр.

Сонымен қатар жылдам селекция (speed breeding) әдісі де қарқынды дамып келеді. Бұған ғылымға бөлінетін қаржылай қолдаудың артуы оң әсерін тигізуде. Алдыңғы онжылдықпен салыстырғанда қолдау деңгейі айтарлықтай жоғары, – дейді Айман Рысбекова.

Жаңа сорттарды зерттеу жалғасуда

Егіс құрылымын әртараптандыру мен жаңа агротехнологияларды енгізу – климаттық тәуекелдерге берілетін жедел жауап болса, бұл бағыттағы ұзақмерзімді шешім ғылыммен тығыз байланысты.

Осы тұрғыда Бараев атындағы астық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы отандық селекцияның жетекші базаларының бірі ретінде жұмыс жүргізіп келеді. Мұнда өнімділігі жоғары, зиянкестерге төзімді жаңа үлгілер жан-жақты зерттеліп жатыр.

– Өткен жылдан бері жаздық жұмсақ бидайдың конкурстық сорт сынау тәлімбағында 36 үлгі, алдын ала сорт сынауда 61 үлгі, бақылау тәлімбағында 202 үлгі зерттелуде. Солардың ішінен ең таңдаулы үлгілер Мемлекеттік сорт сынауына жіберіледі, – дейді орталық мамандары.

Ғылыми ізденістің нақты нәтижесі бар. Соңғы жылдары орталық ғалымдары селекция арқылы жаздық жұмсақ бидайдың «Таймас» атты жаңа сортын шығарып, өндіріске енгізген.

– «Таймас» – орташа пісетін, қысқа сабақты, жоғары өнімді, экологиялық бейімді сорт. Молекулалық талдау нәтижесінде қоңыр татқа төзімді Lr19 және Lr37 гендері анықталған. Дәні ірі, 1000 дәннің массасы 40 г дейін жетеді. Астық сапасы бойынша күшті бидайлар тобына жатады. Сорттың ең жоғары орташа өнімділігі 42 ц/га болды, – дейді мамандар.

Мұндай нәтиже кездейсоқ емес.

Құрғақшылыққа төзімді сорттарды әзірлеу бірнеше ғылыми әдісті ұштастыру арқылы жүзеге асады. Фенотиптік іріктеу, танаптық бағалау, молекулалық-маркерлік және генетикалық талдау тәсілдері қатар қолданылады.

– Орталық әзірлеген астық сорттары негізінен Қазақстанның солтүстік және орталық өңірлерінде өсіріледі. Бұл шара фермерлердің жұмысын жүйелеуге және егіннің тұрақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Мұндай сорттар ылғал тапшылығы жағдайында да қалыпты өсіп, тұрақты өнім береді. Ал шетелдік сорттар құрғақ жылдары өнімділігін жоғалтады, – дейді орталық мамандары.

Сырдағы күріш өндірісінің трансформациясы

Климатқа бейімделу бағытындағы ғылыми ізденістер жалғасып жатыр. Су тапшылығы айқын сезілетін өңірлерде, әсіресе Қызылорда облысында бұл мәселе тіпті өткір. Сондықтан күріш шаруашылығында жаңа тәсілдер мен үнемдеу технологияларын енгізу күн тәртібінен түскен емес.

Осы бағытта Ы. Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты құрғақшылыққа бейімделген жаңа сорттарды шығару мен су ресурстарын тиімді пайдалану бойынша бірқатар бастаманы қолға алған.

– Мәжбүрлеп тозаңдандыру әдісімен будандастыру жүргізілді. Осы жолмен КазЕр-6, КазНИИР-5, Салима, Сыр Сұлуы, Айсара, Айсәуле сорттары шығарылды. Химиялық және радиациялық мутагенез әдісімен Маржан, Ару және Айзере, дәстүрлі әдіспен Түгіскен-1, Байқоңыр, Дарын, Айкерім сорттары әзірленді, – дейді институт төрағасының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары Жанұзақ Байманов.

Ғалымның айтуынша, жаңа сорттардың басты ерекшелігі – вегетациялық кезеңнің қысқалығы мен су үнемдеуге бейімділігі.

Бұл – су тапшылығы жағдайында өнімді сақтаудың негізгі тетіктерінің бірі.

– Сыр Сұлуы және Айсара сияқты сорттар фермерлер арасында сұранысқа ие. Мысалы, Сыр Сұлуы сортының егіс аумағы 3 мың гектарға жетті. Су тапшылығы жағдайында бұл сорттар тиімді, – деп атап өтті Жанұзақ Байманов.

Сыр өңірі үшін су мәселесі жыл сайын күрделене түсуде. Жаһандық климат өзгерісі мен трансшекаралық су ағынының тұрақсыздығы өңірдегі күріш шаруашылығына тікелей әсер етіп отыр.

– Қоғамда кейде күріш дақылынан бас тартып, үнемделген суды Арал теңізіне жіберу керек деген ұсыныстар айтылады. Алайда күріш егуді толық тоқтату дұрыс емес. Бұл сала еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, ауыл тұрғындарын жұмыспен қамтиды. Сонымен қатар күріш алқаптары арқылы тұзданған жерлер шайылып, топырақтың жағдайы жақсарады, – дейді спикер.

Су үнемдеудің кешенді шаралары қажет

Шаруашылықтардың техникалық және қаржылық тәуелділігі де ескеру қажет маңызды фактор.

– Судың жетіспеушілігі күріш шаруашылықтарына қиындық туғызады. Фермерлердің комбайндарды кредитке немесе лизингке алуына байланысты басқа дақылдарға көшуі бірден мүмкін бола бермейді. Сондықтан су үнемдеудің кешенді шараларын енгізу қажет. Оған лазерлік тегістеу, суға бастыру режимін сақтау, су бөлуді автоматтандыру, ауыспалы егісте күріштің үлесін азайту кіреді. Біз Қызылорда облысының үш аймағында күріштің үлесін оңтүстік-орталықта 25-37,5%, ал орталық және солтүстік аймақтарда 50%-ға дейін қысқартуды ұсындық, – дейді ол.

Ғылыми ізденістер тек селекциямен шектелмейді. Топырақтағы ылғалды тиімді сақтау бағытында да тәжірибелік жұмыстар жүргізіліп жатыр. Спикер аквагель, гранула сияқты препараттар енгізіліп, жаңа технологиялар сыналып жатқанын алға тартты.

– 2024 жылдан бастап Венгрияның Water Retainer препараты зерттелуде. Ол гектарына 10 литр мөлшерінде, 170 литр топыраққа араластырып беріледі. Препарат өсімдіктің тамыр жүйесіне әсер етеді. Қазір оны тәжірибеде тексеріп жатырмыз, – дейді спикер.

Сарапшылардың пікірінше, салада тек бір бағытқа сүйену жеткіліксіз.

– Тамшылатып суару, орман белдеулерін көбейту және экожүйелік тәсілдерді қолдану ауыл шаруашылығының тұрақтылығын арттыруға көмектеседі, – дейді эколог Бекберген Керей.

Қорытындылай айтқанда, климаттың өзгеруі агросекторды жаңа шешімдер іздеуге мәжбүрлеп отыр. Ғылым мен тәжірибенің үйлесуі, су ресурстарын ұқыпты пайдалану мен жергілікті жағдайға бейімделген тәсілдерді енгізу арқылы ғана ауыл шаруашылығы тұрақты дамуын сақтай алады.

**Мөлдір СНАДИН,**
**kaz.inform.kz**

# ЕСІМІ ЕЛДІҢ ЕСІНДЕ!

**ӨМІРДІҢ МӘНІ МЕН МАҢЫЗЫН ӨЗІНІҢ ЕМЕС, АЙНАЛАСЫНДАҒЫЛАРДЫҢ, ОДАН ҚАЛДЫ, БҮКІЛ ХАЛЫҚТЫҢ ИГІЛІГІНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУ ДЕП ТҮСІНЕТІНДЕР ҒАНА ЗАМАНДАСТАРЫНЫҢ ШЫНАЙЫ ҚҰРМЕТІНЕ БӨЛЕНЕРІ ХАҚ. ОСЫ ҚАРАПАЙЫМ ЗАҢДЫЛЫҚТЫ ЕНШІЛЕГЕНДЕРДІҢ ӘРДАЙЫМ МЕРЕЙІ ҮСТЕМ ЕКЕНІН КӨРІП, МАРҚАЙАТЫН СӘТІМІЗ БОЛАДЫ.**



Өмір өткен күндер емес, есте қалған күндер деген расау.. Жылдар жоғалтқанынды сағынтады.

Ұлы Абай "Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір бірталай өмірімізді өткіздік" - депті. Жан-жақты барлап, төңіректі түгендеп, өткенге ой жіберсек, біраз өмір жолын артқа тастаппыз. Алдымызда үлгі тұтар ағаларымыз болды, енді өкше басар інілер де жетіліп келеді. Солардың ішінен жаныңа жақын, ерекше ілтипатпен қадір тұтатын жандар болады.

"Қарадан туған хан еді" деген әдемі сөз бар. Ол әсте қара халықтың қалың ортасынан шығып, біліктілігі мен білімділігі, зерделілігі мен тапқырлығы арқасында атқа мініп, абыройлы басшы болған, соңынан жұртты ерте білген қадірменді кісілерге арналып айтылса керек.

Мына қамшының сабындай қысқа ғұмырда ізгіліктен айнымай, сабырлы қалпынан аумай, ағайын-туыстың, қызметтес болған дос-жарандарының арасынан айрықша қамқорлығымен, елдің, туған жерінің қамын ойлаумен, парасат-пайымымен даралаңып тұратын Дәулетжан Доспамбетов тұғыры биік азамат еді. Қай кезде де ел басқарған адамдар болған, бірақ көбісі көзден кете сала, көңілден өшіп, аттан түскен соң, аты да ұмытылатыны бар. Ал Дәукең дүниеден өтсе де, ел есінде, жұрт аузында.

Жер бетінде өмір сүрсе де, ел үшін ештеңе тындырмай, көз алдынан әріні көрмей, күйкі тірлік кешкендерге қарағанда жүріп өткен жерінің бәріндегі айқын ізі, кімге де болсын тік қарайтын жарқын жүзі, кезі келсе, кесіп айтатын сөзі бар азамат болу бір басқа ғой бақыт емес-ау?

Әкеден ерте айырылып, жетімдіктің тақыметін бір кісідей көріп өскен жігерлі жастың зейінді өмірі, жетілу, қанаттану жолы сөз бен істің, үлкен ұйымдастырушылық қабілет пен басшылық парасаттың көрінісі екені шүбәсіз. Ауылда жүріп жаяулап мал бағып, мына ұлы ғаламмен адам жүрегінің тылсым байланысы барын бар болмысымен сезініп өскен жанның қазақ ауыл шаруашылығы институтына түсіп, ғалым-агроном мамандығын таңдауы және оны ерекше қызыл дипломмен бітіруі де тегін болмаса керек. Осының өзінде бозбала жігіттің жерге, жер еміп елге деген кіршіксіз махаббаты жатқандай еді.

Еңбек жолын «Жетікөл» совхозынан бас агрономдықтан бастаған қабілетті де қарымды жас азғантай уақыт ішінде осы совхоз-партия комитетінде хатшы болып, одан кейін үздіксіз 24 жылға жуық «Берсиев», «Аманкелді» совхоздарында совхоз директоры қызметін атқарды. Дәулетжанның өмірі өзімен қызметтес болған әріптестерімен қатар өрбігенімен көңіл тоқтатып қарасақ, өзіндік орны бар бір әлем.

Қай қызметте болсын, айналасындағы жақын-жуықтарға, бауырларына өзінің ағалық ақылын, жөнін айтып отыратын. Апыр-ай десеңізші, қай кезде де қай ортада да ол өзіне деген сеніммен, халық арасындағы жауапкершілігін бір сәтке де босаңсытқанын көрген емеспін.

"Тура биде туған жоқ, туған биде иман жоқ" деген ұлағатты сөзді ата-бабаларымыз осы Дәукең сияқты халықтың ішінен шыққан жаңсақ баспайтын, сөзі уәлі, аузы дуалы, дініне берік азаматтарға айтқан болуы керек. Оның үлкен демей, кіші демей, жұрттың бәріне көлеңкесін түсіріп, қолтығынан демеп, арқасынан қағып, маңдайынан сипайтын қамқорлығы жан баласын жақын, жат деп алаламайтын мейірбандығы көңілден кетпейді. Алдыңда жүрсе ақылшы, қасыңда жүрсе қамқоршы, артыңда жүрсе қорғаушы бола білген, жаны жайсаң, жүрегі дархан жан еді. Кейбіреулер сияқты майда-шүйде пендешілікке бойын алдырып, аяғын шалдыра бермейтін кірпияз мәрттігі де ерекше тәнті етеді. Алты аласы, бес берсі болмаса да, қара жер басып жүргенінді де көре алмайтын жаны қарау, аяр пенделер аз ба өмірде? Дәукеңнің де жолына талай тұзақ құрылып, ор қазылды. Бірақ дақ түспеген аппақ ары көпе-көрінеу қолдан жасалған пәле-жаладан кедергі, тосқауылдардан аман алып шықты. Ал өз басының азаматтық сағын сындырып, бағын байлайтын қылдай қиянатқа бармағанына күмән жоқ деп ойлаймын. Дәукең де кемшіліктен кенде пенде емес. Бірақ оның кемшілігін кеңдігі жеңіп, жаңсақтығынан жақсылығы басым түсіп жататын. Дәукең мінезді кісі еді. Алдына барған адамды бидайша қызуын алатындай көрінгенімен алды кең еді, артынша бұлттан шыққан күндей жарқырап, жадырап шыға келетін. Кеше сөзге келген адаммен, ертең емен-жарқын араласып кететін кешірімпаздығы да әмбеге аян. Бәзбіреулердей артына зіл сақтап жатпайтын. Дәукең ақтық демі біткенше, бүкіл саналы ғұмырын туған халқына қалтқысыз қызмет етуге арнаған адам. Әсіресе 12 жыл үздіксіз «Берсиев атындағы совхоздың» директоры болған кезінде аты әлемге жайылған ақ тарының атасы Шығанақтың атын жаңғыртып, суармалы жерге тары егуді қолға алып, осы жерде облыстық деңгейде семинар-кеңес өткізіп, сол жылдары тарыдан мол өнім алды. Сөйтіп, Шығанақ ауылы мен ауданның абыройын асырып, мерейін өсірген болатын. Бітік шыққан тарыны күндіз торғайдан, қоғамдық малдан қорғап жүрген ауыл еңбеккерлерімен бірге жатып, бірге тұрып жүрген Дәукеңді талай кездестіргенбіз. Осы бағытта ол ақ тарының атасы Ш. Берсиевтің ісін жалғастырушы ретінде көріне білді. Бұл жөнінде сол мезгілдегі бүкіл одақтық «Правда» газетінен әдейі тілші келіп, көлемді мақала жазылып, мадақталды.

Д.Доспамбетовтың осындай еңбегі арқылы, көпшілік біле бермейтін шалғайда жатқан Ойыл өңірінің өзіндік тарихы, еңбеккор елі, ата қоныс жері бар екендігі бүкіл Одаққа танылып, елдік атымызды шығарды. Бүгінгі күн базарда естілетін "Ойылдың тарысы" деген сөз еріксіз құлағыңа шалынады. Демек, қазір тары екпесек те, сол баяғы Шықаң мен Дәукеңдер атқарған істің даңқы мен атының жойылмағанына риза боласың.

Ол кісі басқарған кезде кеңшарға абырой әперген ауқымды жұмыстар жүзеге асты, мал шаруашылығы да айтарлықтай дамыды. Әсіресе ауыл шаруашылығын, оның ішінде мал шаруашылығын өркендетуде, еңбекті ұйымдастыруда ғылым мен техниканың соңғы жаңалықтарын өндіріске енгізуге батыл іс-қимыл жасады. Ауданымыз бойынша осы шаруашылықтың «Кемерши» шағын елді мекенінде мүйізді ірі қара малын бағып, күтуді, ірі сабақты мал азығын ұсақтап беру істерін толық механикаландырылды. Бұл іс облысымыз бойынша қолдау тауып, осы шаруашылықта облыстық дәрежеде үлгі семинар-кеңес өткізіліп, ол баспасөзде кең көлемде насихатталды. Бұл бастама аудан шаруашылықтары бойынша қолдау тауып, аз шығын жұмсап мол өнім алуға бет бұрыс жасады. Шаруашылық мал басын өсіру мен өнім өндіруде жоғары көрсеткішке жетіп республиканың ауыспалы Қызыл туын әлденеше рет иеленді. Малды өз төлінен өсіру қалыптасып, әрбір аналықтан төл алу көрсеткіші бойынша аудан шаруашылықтарының алдыңғы қатарында болды. Мал азығын дайындау, екпе шөп егу, әсіресе жерді суландыру жұмыстары жүйелі жүргізілді. Аудан бойынша осы «Қаратал» елді мекенінде 600 гектар жер суландырылып, мал азығы қоры жасалды. Мәдени-тұрмыстық, жол, тұрғын үй құрылыстары, жаңадан мектеп ғимараты салынып, пайдалануға берілді.

Д. Доспамбетов мал шаруашлығын өркендету, қойды қырқу, тоғыттан өткізу, ірі сабақты мал азығын ұнтақтап беру ісін механикаландыру, еңбек ұйымдастыру бойынша өзінің білімі мен іскерлігі, ізденімпаздығы мен төрт өнертапқыштық ісін тауып, оны өндіріске енгізіп ,жоғары көрсеткішке қол жеткізді. Бұл іс аудан шаруашылықтары бойынша қолдау тауып, өндіріске енгізіліп, жоспарлы жұмыстар жүргізілді. Екі ғылыми істің және «Жетыкульские просоводы» деген насихаттық кітаптың авторы болды.

Еңбегі бағаланып, әлденеше рет қатарынан аудандық Кеңеске, ал кейіннен бірінші шақырылған аудандық мәслихаттың депутаты, «Үздік еңбегі үшін» медалімен, «Қазақ ССР Халық ағарту ісінің озық қызметкері» значогы, «В.И.Лениннің туғанына 100 жыл» толуына орай, «Ерен еңбегі үшін» медалдарымен әлденеше Құрмет грамоталары, Бейбітшілік қорына қосқан жұмысы үшін Кеңестік бейбітшілік қорының Құрмет медалімен марапатталған.

Осылай еңбегімен елге еленіп оның нәтижесін бүгінде ел көріп отырған, үлкенге іні, кішіге аға бола білген, білімі мен білігін, көргенімен түйгенін еліме туған жеріме деген ниетте болып, барлық жастық шағын, бүкіл өмірін осы Ойыл өңірінің әсіресе Қаратал ауылының өсуі мен өркендеу жолына қызмет етті.

Осы өңірде басшылық жааған азаматтардың арасында Дәукеңнің есімі әлі күнге дейін зор құрметпен аталады. Осы бағытта жерлесіміз ақын Жолдыбай Айтқұлов Сабырлы салиқалы, саналы адам, халыққа тірліктегі амалы адал. Ол басшы болған кезде, еңбегін халық биік бағалаған деп баспасөз бетінде ризашылығын білдірген екен.

Ел болған соң өкінішсіз, уайым-қайғысыз топырақты өлім, қапыл қазасыз өмір болмайтыны белгілі. Дәукең адам баласының басына түскен арғы-бергі ауыртпалық иесінің әр кез қасынан табылып, көмек көрсетіп, көңіл қос айтқанда қаралы жанның таудай қайғысы тарыдайға айналып, "Құтты болсынның" кезегі келгенде тырнақтай қуанышы түйедей болып көрінер еді. Сол Дәукеңнің орны қазір үңірейіп тұр. Жауын жаумай, айдың күннің аманында үсті басы малмандай су болып, құты қашатын боркеміктердей дірілдеп емес, дүниеден дүрілдеп өткен сол Дәукеңді қазір сағынасың.

Дәукеңді әңгіме қылған жерде оның құдай қосқан қосағы Балзияны да айтпасқа болмайды. Меніңше бұл кісілер секілді айдында қатар жүзген қос аққудай жұбын жазбай сұлу да мағыналы ғұмыр кешкен ерлі-зайыптылар өмірде сиректеу болар деп шамалаймын. Құдай бұлардың пейіліне орай береке де берген. Үйінен қонақ үзілмей, қазаны оттан түсіп көрген емес. Бұл үйге қай кезде барсаңда, берекелі дастархан қарсы алады. Ерте немесе кеш келдік демей, жасыңа, жағдайыңа қарамай, бәйек болып барын аузыңа тосады. Дархан көңілді Дәукеңе дастарханы жиылмайтын Балзиядай жақсы жар жолықтырған тағдырға тәнті боласың. Бәлкім, бақыттың кілті берекенің бастауы қолы ашық қос жақсының қосылуында болар. Енді міне бүгінде сол кешегі Дәукең бардағыдай ақ дастарханы жаюлы, қолы қусырулы ошағының түтінін түзу ұшырып, кеше ғана ортамызда жүрген азаматтың отын өшірмей отыр.

«Ғалымның хаты қалады, жақсының аты қалады» демекші, жалынды жас шағынан бастап барынша толысқан кезге дейін ат үстінен, елдің әлеуметтік көтерілуімен бірге ауызбірлікте өмір сүруіне ұйытқы болған Дәулетжан Доспамбетов қандай да құрметке лайық. Ал осы қараталдық азаматтардың оны мақтаныш тұта отырып, бұдан әлденеше жыл бұрын осы ауылдық округтегі қоғамдық келісім Кеңесі жиналысында әдейі мәселе етіп қарап оған бір көшенің есімін беру жөнінде шешім қабылдауы құптарлық оқиға.

Ал ауыл тұрғындары әсіресе Дәулетжанмен иық тірестіріп жұмыс жасаған бүгінгі ауыл ақсақалдары мен ақ жаулықты әжелер онымен бірге жұмыстас болған азаматтар мен ауыл тұрғындары мәселенің оң шешілетініне сенімді сияқты. Кім біледі, бұл адамдарға жасаған жақсылығының алдан шығуы, жауабы шығар.

Өзіміз туып өскен өңірдің өркендеуі жолында аянбай еңбек етіп, артынан өшпестей із қалдырған көзі тірісінде айналасына үлгі болып, ілгеріге жол сала білген, халықтың сенімін ақтап алғысына бөленген, іскер де алғыр Дәулетжан Доспамбетовке Қаратал ауылынан көше аты берілсе, нұр үстіне нұр болар еді. Онда жас ұрпақтың жадында ұлағатты ұстаз, нағыз еңбек адамының есімі мәңгі сақталып қалар еді.

**Тыныштыбай ШАЛАБАЕВ,**
**Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.**

# ДЕНСАУЛЫҚТЫҢ ҚАДІРІН БІЛСЕК...

**ДЕНСАУЛЫҚ - БАҒА ЖЕТПЕС АСЫЛ ҚАЗЫНА. ДЕНСАУЛЫҚ - АДАМ ӨМІРІНДЕГІ БАҒАЛЫ ДҮНИЕ БОЛҒАНДЫҚТАН, ӘР АДАМ БАЛАСЫ ӨЗ ДЕНСАУЛЫҒЫНА КӨҢІЛ БӨЛЕ БІЛУ ҚАЖЕТ. БІЗДІҢ БАҚЫТЫМЫЗДЫҢ БАСТЫ БӨЛІГІ ДЕНСАУЛЫҒЫМЫЗҒА БАЙЛАНЫСТЫ .**



«Тәні саудың – жаны сау» - деп бекер айтылмаған.

Адам баласының еңбекке белсенді болуы, ұзақ өмір сүруі, көңілдің көтеріңкі болуы да денсаулыққа байланысты.

Уақытылы дәрігердің қабылдауында болу, дәрі-дәрмектерді уақытылы қабылдау, көкініс пен жеміс жидектер, сүт, ет, балық өнімдері адам бойындағы дәрумендерді толықтырып отырады.

Таза ауада серуендеу, жаяу жүру, салауатты өмір салтын ұстану, дұрыс тамақтану мықты денсаулықтың кепілі.

Денсаулыққа мән беру арқылы тек өзіміздің ғана емес ұлтымыздың да болашағын бекітеміз. Дені сау ұрпақ – ұлт болашағы, мемлекеттің тірегі!

**М.ҚАЛЖАНОВА,**
**Ойыл обаға қарсы күрес бөлімшесінің зертханашысы.**

**ПСИХОЛОГ КЕҢЕСІ**

# 9-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ПРОФОРИЕНТАЦИЯЛЫҚ ҰСЫНЫСТАР

**МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ — ӘР АДАМНЫҢ ӨМІРІНДЕГІ ЕҢ МАҢЫЗДЫ ШЕШІМДЕРДІҢ БІРІ. ӘСІРЕСЕ 9-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫ ҮШІН БҰЛ КЕЗЕҢ ЕРЕКШЕ МӘНГЕ ИЕ. СЕБЕБІ ДӘЛ ОСЫ УАҚЫТТА БОЛАШАҚҚА БАҒЫТ БЕРЕТІН АЛҒАШҚЫ МАҢЫЗДЫ ҚАДАМДАР ЖАСАЛАДЫ.**



Сондықтан мамандық таңдауға жеңіл қарамай, саналы түрде шешім қабылдау қажет.

Ең алдымен, оқушы өз қызығушылығы мен қабілетін анықтап алуы керек. «Маған қандай пәндер ұнайды?», «Қай іспен айналысқанда уақыттың қалай өткенін байқамай қаламын?», «Мен адамдармен жұмыс істегенді ұнатамын ба, әлде техникамен бе?» деген сұрақтарға жауап беру арқылы өз бағытын табуға болады. Қазіргі таңда еңбек нарығында мамандық түрлері өте көп. Зерттеулерге сүйенсек, жыл сайын 600-ге жуық жаңа мамандық пайда болады екен. Бұл бір жағынан мүмкіндік болса, екінші жағынан нақты таңдау жасауға қиындық туғызады. Ең бастысы — сұранысқа ие, болашағы бар мамандықты дұрыс анықтай білу.

Мамандық таңдауда жиі кездесетін кедергілер де бар. Мысалы, бәрін бірден алуға ұмтылу, тек сәнге айналған мамандықтарға қызығу, өз қабілетін дұрыс бағаламау, мамандықтың шынайы мазмұнын түсінбеу, өзіне деген сенімнің төмендігі немесе жоғары табысқа ғана қызығу. Осындай қателіктерден сақ болу қажет. Белгілі психолог Е. Климов мамандық таңдауда «Қалаймын – Қолымнан келеді – Керек» формуласын ұсынады. Яғни, оқушы өзіне үш сұрақ қоюы тиіс: «Маған не ұнайды?», «Менің қабілетім мен мүмкіндігім сай ма?», «Бұл мамандық қоғамға қажет пе?». Осы үш фактор сәйкес келген жағдайда ғана таңдау сәтті болады. Сондай-ақ, адамның психологиялық типі де мамандық таңдауға әсер етеді. Мысалы, адамдармен жұмыс істеуді ұнататындар үшін мұғалім, дәрігер, психолог мамандықтары қолайлы болса, техникаға қызығатындар үшін инженер, автомеханик немесе IT-мамандықтары тиімді. Шығармашылыққа жақын оқушылар дизайнер, суретші, музыкант мамандықтарына бейім келеді. Мамандық таңдауда ата-ананың рөлі де ерекше. Отбасы — баланың еңбекке, кәсіпке деген көзқарасын қалыптастыратын алғашқы орта. Сондықтан ата-анамен ашық сөйлесіп, олардың тәжірибесі мен ақыл-кеңесін тыңдау өте маңызды.

Оқушыларға тағы бір маңызды ұсыныс — профориентациялық тесттерден өту, колледждер мен оқу орындары туралы алдын ала ақпарат жинау, ашық есік күндеріне қатысу және түрлі үйірмелерге араласу.

Бұл өз мүмкіндігін нақты бағалауға көмектеседі.

Яғни, мамандық таңдау — болашақ өмірдің негізін қалайтын үлкен шешім. Сондықтан әр оқушы өз жүрегін тыңдап, қабілетін ескеріп, болашағын саналы түрде жоспарлауы қажет. Дұрыс таңдалған мамандық — жарқын болашақтың кепілі.

**Р. ШҮТЕНОВА,**
**Көсембай негізгі мектебінің педагог-психологы.**

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Ойыл

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 1402 дана. Тапсырыс 570
Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

**«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды.**
**Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.**
**Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.**

## ОЙЫЛДЫҚ ОҚУШЫЛАР «АҚЫЛДЫ» ҚОҚЫС ЖӘШІГІН ОЙЛАП ТАПТЫ

**АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ОЙЫЛ АУДАНЫНДА ОРНАЛАСҚАН Ж.ЖҮСІБАЛИЕВ АТЫНДАҒЫ ОЙЫЛ ҚАЗАҚ ОРТА МЕКТЕБІНІҢ ОҚУШЫЛАРЫ ЭКОЛОГИЯ МЕН ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҰШТАСТЫРҒАН ЖОБАНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРДЫ.**



Жас өнертапқыштар Санжар Талғатұлы мен Арсен Амангелдиев «ақылды» қоқыс жәшігін құрастырды.

Құрылғы заманауи инженерлік шешімдермен жабдықталған: ультрадыбыстық сенсор арқылы адам жақындағанда қақпағы автоматты түрде ашылады, ал арнайы панель арқылы қоқысты түріне қарай (қағаз, пластик, органикалық қалдықтар) сұрыптауға болады. Сонымен қатар, жәшік толған кезде экранда ескерту беретін интеллектуалды бақылау жүйесі қарастырылған.

Жас өнертапқыштар өз жобалары туралы:

*«Біз «Таза Қазақстан» акциясына үлесімізді қосқымыз келді. Табиғатты қорғау – әрқайсымыздың міндетіміз. Осы жоба арқылы адамдарды қоқысты сұрыптауға шақырып, қоршаған ортаны таза ұстауға үлес қосамыз деп сенеміз»*, – деп атап өтті.

Бұл жоба – тек қоқыс жинау құралы емес, қоршаған ортаны қорғауға бағытталған маңызды бастама. Қайта өңдеу мүмкіндіктерін арттырып қана қоймай, оқушыларды экологиялық жауапкершілікке тәрбиелейді.

## КІТАПХАНАШЫЛАР МЕРЕКЕСІНДЕ ҮЗДІКТЕР МАРАПАТТАЛДЫ



23 сәуір – Ұлттық кітап күні және Кітапханашылар күніне орай облыстық халық шығармашылығы орталығында «Зияткерлік даму және оқу мәдениеті: жаңа көзқарастар» тақырыбында облыстық форум ұйымдастырылды. Мерекелік шарада Ойыл аудандық орталық кітапхананың бірқатар мамандары марапатқа ие болды.

Кітапхана ісінің өркендеуіне қосқан елеулі еңбегі үшін Салтанат Рзина «Қазақстанның Құрметті кітапханашысы» төсбелгісі табысталды. Бұл марапат – салаға сіңірген жақырлы еңбектің жоғары бағасы. Мерекелік жиында Қазақстан салалық мәдениет, спорт, туризм және ақпарат қызметкерлерінің кәсіподағы қоғамдық бірлестігінің Ақтөбе облыстық филиалы тарапынан Анар Мауленова да марапатталды.

Сонымен қатар, С.Бәйішев атындағы Ақтөбе облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының директоры С.М.Хакимованың Алғыс хатымен Ақгүл Әбілова мен Гүлдаурен Аблашева наградталды. Шара барысында кітапханашылардың қоғамдағы рухани құндылықтарды насихаттаудағы рөлі ерекше аталып өтіп, олардың еңбегіне алғыс білдірілді.

## «САРЫ ДАЛА САЗДАРЫ» КҮЙ КЕРУЕНІ: КӨКЖАРДА ҰЛТТЫҚ ӨНЕР ҰЛЫҚТАЛДЫ

**ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ АСЫЛ МҰРАСЫ – КҮЙ ӨНЕРІ КӨКЖАР ӨҢІРІНДЕ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРЫП, КЕҢ ДАЛАНЫ КҮМБІРЛЕГЕН САЗҒА БӨЛЕДІ. «ШҰҒЫЛА» МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН ЖАҢА КРЕАТИВТІ «DALA. TERRACE» ЖОБАСЫНЫҢ САЛТАНАТТЫ АШЫЛУЫ ӨТТІ.**

Аталған жоба – жастар мен ауыл тұрғындарын ортақ мәдени кеңістікке тоғыстырып, ұлттық өнерді заманауи үлгіде насихаттауға бағытталған тың бастама. Ашық аспан астында орналасқан бұл алаң алдағы уақытта түрлі мәдени-көпшілік шаралардың, шығармашылық кездесулер мен өнер кештерінің орталығына айналмақ.

Жобаның ашылу рәсімінде Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері Амангелді Жұманов лентаны қиып, көпшілікке ақжарма тілегін жеткізді.

Ол өз сөзінде ұлттық өнерді дәріптеу – ұрпақ тәрбиесінің маңызды бөлігі екенін атап өтті.

Кештің басты сәніне айналған «Сары дала саздары» күй керуенінде өнерпаздар қазақтың төл күйлерін орындап, көрерменге ерекше рухани әсер сыйлады. Домбыраның қос ішегінен төгілген күмбірлі саз көпшіліктің көңілін тербеп, ұлттық рухты асқақтатты.

Сондай-ақ, шара барысында ауыл ақсақалдары мен ардақты аналары ақ батасын беріп, жаңа бастамаға сәттілік тіледі.

Күйімен көмкерілген кешке жиналған жұртшылық ұлттық өнерге деген ыстық ықыласын білдіріп, ұйымдастырушыларға ризашылығын жеткізді.

## ОЙЫЛДЫҢ ӨРЕНДЕРІ – ОБЛЫС ЧЕМПИОНЫ!



19-24 сәуір аралығында Ақтөбе қаласында волейболдан 2012-2013 жылы туған жасөспірімдер арасында Ақтөбе облысының чемпионаты өтті. Дүбірлі додаға облыс орталығы мен аудандардан келген үздік командалар қатысып, өзара мықтыны анықтады.

Аталған жарыста Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің командасы жоғары деңгейдегі ойын өрнегін көрсетіп, жанкүйерлердің ыстық ықыласына бөленді. Топтық кезеңнен сенімді өткен ойылдық спортшылар алдымен Шалқар және Байғанин аудандарының командаларын тізе бүктіріп, келесі кезеңге жолдама алды.

Ширек финалда Темір ауданының командасымен кездескен жерлестеріміз қарсыласына еш мүмкіндік бермей, 2:0 есебімен айқын басымдық танытты. Ал жартылай финалда Ақтөбе қаласының мықты құрамасымен тартысты матч өткізіп, 2:1 есебімен жеңіске жетті. Финалдық бәсекеде Ойыл құрамасы Байғанин ауданымен қайта жолығып, бұл жолы да шеберлік пен ұйымшылдықтың үлгісін көрсетті. Нәтижесінде 2:0 есебімен жеңіске жетіп, Ақтөбе облысының чемпионы атанды. Осылайша, ойылдық жас волейболшылар Қазақстан Республикасының чемпионатына жолдаманы жеңіп алды.

Бұл жеңістің артында жаттықтырушылардың табанды еңбегі мен тынымсыз дайындығы жатыр. Команданы биік белеске жетелеген бапкерлер Нұрлыжан Амангелдіұлы мен Рахат Сәлімұлының шәкірт тәрбиелеудегі қажырлы еңбегі ерекше құрметке лайық. Жас спортшылардың жеңісі – ұстаздарының маңдай тері мен жүйелі жұмысының айқын жемісі. Ойыл спортының абыройын асқақтатқан жас чемпиондарды және жаттықтырушыларын шын жүректен құттықтаймыз! Бұл жеңіс – алдағы үлкен белестердің бастауы болсын. Еліміздің намысын қорғайтын келесі жарыстарда да жеңісті күндеріңіз көп болсын!

**Г.АБАЙҚЫЗЫ**

## «TAZA QAZAQSTAN» ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЖОБАСЫ МӘСЛИХАТ ПЕН ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТІҢ НАЗАРЫНДА



Өткен аптада Ойыл ауданында экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған маңызды шара өтті. Аудандық мәслихат төрағасы Сәкен Займолдин мен аудандық қоғамдық кеңес төрағасы Марат Арыстанов бастаған депутаттар мен қоғамдық кеңес мүшелері «Taza Qazaqstan» жалпыұлттық жобасы аясында бірқатар мекемелерге мониторинг жүргізді.

Тексеру барысында мемлекеттік мекемелердің аумақтарының санитарлық тазалығы, абаттандырылуы және жасыл желектердің отырғызылу деңгейі қаралып, нақты ұсыныстар берілді. Бұл жұмыстар – қоршаған ортаны қорғау мен ауданның көркеюіне бағытталған жүйелі бастаманың бір бөлігі.

«Taza Qazaqstan» жобасының басты мақсаты – қоғамда экологиялық мәдениетті қалыптастыру, табиғатқа жанашырлықты арттыру және қолайлы өмір сүру ортасын құру. Жоба аясында тазалықты сақтау, елді мекендерді көркейту, ағаш отырғызу және экологиялық сауаттылықты арттыру бағытында жұмыстар тұрақты түрде жүргізілуде.

Тазалық – әрқайсымыздан басталады. Табиғатты қорғау – болашаққа жасалған маңызды қадам.

## ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ – ҚОҒАМ МЕН МЕМЛЕКЕТТІҢ ОРТАҚ МІНДЕТІ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Қазақстан Республикасы мемлекеттік саясатының басым бағыттарының бірі болып табылады. Жемқорлық мемлекеттік органдарға деген сенімді төмендетіп, экономикалық дамуға кері әсерін тигізеді және әлеуметтік әділеттілік қағидаттарына нұқсан келтіреді. Сондықтан бұл құбылысқа қарсы іс-қимыл жүйелі әрі кешенді тәсілді талап етеді. Қазақстанда сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және оның жолын кесуге бағытталған заңнамалық база қалыптасқан. Бұл бағытта жазаның бұлтартпастығы қағидаты маңызды орын алады.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметтердің ашықтығын қамтамасыз ету, цифрландыруды дамыту және азаматтар мен мемлекеттік қызметшілер арасындағы тікелей байланысты азайту сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге мүмкіндік береді.

Электрондық үкімет жүйесінің дамуы да маңызды рөл атқарады. Мемлекеттік қызметтердің автоматтандырылуы адам факторын азайтып, заңсыз әрекеттерге жол бермеуге ықпал етеді. Сонымен қатар, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру – маңызды міндеттердің бірі. Бұл бағытта білім беру жүйесінің, бұқаралық ақпарат құралдарының және әрбір азаматтың рөлі зор. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді күрес тек мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ ісі. Әрбір азамат заң бұзушылықтарға төзбеушілік танытып, әділдік пен заң үстемдігін қолдауы қажет. Тек осындай бірлескен күш-жігер арқылы ғана елімізідің тұрақты дамуын қамтамасыз етуге болады.

**Ойыл ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы**



# МАЛ БАҒУДЫ РЕТТЕУ – МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ!

**ОРМАН – ЕЛДІҢ ТАБИҒИ БАЙЛЫҒЫ ҒАНА ЕМЕС, ХАЛЫҚТЫҢ АМАНАТЫ. ОЛ – ТІРШІЛІК КӨЗІ, ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТЕПЕ-ТЕҢДІКТІҢ ТІРЕГІ, ЖАНУАРЛАР ДҮНИЕСІНІҢ МЕКЕНІ. СОНДЫҚТАН ОРМАНДЫ ҚОРҒАУ – ӘРБІР АЗАМАТТЫҢ ОРТАҚ МІНДЕТІ.**

Жыл сайын көктем мен жаз мезгілдерінің келуімен орман алқаптарында өрт қаупі арта түседі.

Құрғақ шөптің көбеюі, жоғары температура мен желдің күшеюі өрттің тез таралуына себеп болады. Өкінішке қарай, орман өрттерінің басым бөлігі адам әрекетінен орын алады.

Сөндірілмеген от, бей-берекет тасталған темекі тұқылы немесе қоқысты өртеу – үлкен апаттың бастамасы болуы мүмкін.

Осыған байланысты орман алқаптарында өрт қауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтау – басты міндеттердің бірі. Орман ішінде от жағу тек арнайы белгіленген орындарда ғана жүргізілуі тиіс.

Жағылған от толық сөндірілмей қалдырылмауы қажет. Құрғақ шөп пен тұрмыстық қалдықтарды өртеуге қатаң тыйым салынады.

Табиғат аясында демалушылар әрдайым сақтық шараларын естен шығармауы тиіс.

Сонымен қатар, орман алқаптарында мал жаю мәселесі де ерекше назарда.

Кейбір жағдайларда тұрғындар орман ішіне мал жібереді қалыпты жағдай деп есептейді. Алайда бұл – орман экожүйесіне айтарлықтай зиян келтіреді.

Мал жас көшеттерді таптап, олардың өсуіне кедергі келтіреді, топырақ құрылымын бұзып, оның құнарлылығын төмендетеді. Соның салдарынан орманның табиғи жаңару процесі тежеледі.

Әсіресе жаңадан отырғызылған орман алқаптары үлкен қауіпке ұшырайды.

Көп жылдық еңбекпен өсірілген көшеттер қысқа уақыт ішінде жойылып кетуі мүмкін.

Бұл өз кезегінде мемлекет тарапынан бөлінген қаражат пен орманшылардың еңбегінің нәтижесіз болуына әкеледі.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, орман қоры жерлерінде мал жаюға және өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзуға жол берілмейді.

Белгіленген талаптарды сақтамаған тұлғалар заң аясында жауапкершілікке тартылады.

Орман – келер ұрпаққа қалатын баға жетпес мұра. Оны сақтау – бүгінгі күннің басты міндеті.

Табиғатқа жанашырлықпен қарап, қарапайым ережелерді сақтау арқылы біз орманымызды аман сақтай аламыз!

**Меруерт ҚҮНСАРИНА,**
**Ойыл орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесінің маманы.**

# БАЛҒЫНДАР ЖЫРЛАҒАН КІТАП ӘЛЕМІ

**КІТАП – АДАМЗАТТЫҢ РУХАНИ ШАМШЫРАҒЫ, ҰРПАҚТАН ҰРПАҚҚА ЖАЛҒАСҚАН АСЫЛ МҰРА. ОСЫ АСЫЛ ҚАЗЫНАНЫ ЖАС ЖҮРЕКТЕРГЕ СІҢІРІП, КІТАПҚА ДЕГЕН СҮЙІСПЕНШІЛІКТІ БАЛА БОЙЫНА ДАРЫТУ – БҮГІНГІ КҮННІҢ МАҢЫЗДЫ МІНДЕТТЕРІНІҢ БІРІ.**

Осы мақсатта Ш.Берсиев атындағы орта мектебінде Берсиев ауылдық модельді кітапханасының ұйымдастыруымен 23 сәуір – Ұлттық кітап күніне орай «Артық ғылым – кітапта» атты апталықтың салтанатты ашылуы өтті.

Рухани мазмұнға бай шараның басты мақсаты – жас ұрпақтың кітап оқуға деген қызығушылығын оятып, олардың ой-өрісін кеңейту, шығармашылық қабілеттерін дамыту және ұлттық құндылықтарға деген құрметін арттыру болды.

Апталық аясында ұйымдастырылған «Кітаппен бірге – кемел келешекке!» атты фестиваль – балғындардың кітап әлеміне жасаған алғашқы қадамындай әсер қалдырды.

Даярлық тобы мен «Балбөбек» балабақшасының бүлдіршіндері сахна төрінде еркін өнер көрсетіп, көрермендердің жүрегіне жол тапты. Кішкентай өнерпаздардың шынайы да таза өнері көпшілікті тәнті етті. Олар көркем сөз оқып, халық ертегілерінің алтын арқауы саналатын «Шалқан» мен «Бауырсақты» сахналап, бала қиялының шексіздігін паш етті. Сүйікті кейіпкерлерінің бейнесіне еніп, сахнада еркін қимылдаған бүлдіршіндердің әрбір қадамы көрерменге шаттық сыйлап, ерекше әсерге бөледі.

Шара барысында Ойыл аудандық орталық кітапханасы ұсынған мазмұнды кітап көрмесі де оқырман назарынан тыс қалмады.

Түрлі жанрдағы әдебиеттермен толықтырылған көрме – рухани әлемге бастар кең жол іспетті. Кітап парақтарынан сыр шерткен бұл көрме әрбір келушіні ойға жетелеп, білімнің шексіз кеңістігіне шақырғандай болды.

Сонымен қатар «Қолөнер» үйірмесінің оқушылары ұлттық өнердің көркем үлгілерін ұсынып, өз шеберліктерін паш етті.

Олардың қолынан шыққан әрбір туынды – талғам мен табандылықтың, еңбек пен ізденістің жемісі.

Бұл жұмыстар көпшіліктің ерекше ықыласына бөленіп, ұлттық өнердің өміршеңдігін тағы бір дәлелдеді.

Кітапты ардақтап, білімді дәріптеген бұл тағылымды шараның соңында белсенді қатысушылар марапатталып, сый-сияпат пен алғыс хаттарға ие болды.

Бұл – жас буынға көрсетілген құрмет қана емес, олардың болашаққа деген сенімін нығайтатын рухани демеу еді.

Осындай мазмұны терең, тәрбиелік мәні зор шаралар – өскелең ұрпақтың рухани кемелденуіне жол ашып, кітапқа деген сүйіспеншілікті жүрек түкпіріне орнықтырары анық. Өйткені кітап – тек білім көзі ғана емес, ол – адам жанының айнасы, руханияттың мәңгілік тұғыры.

**Рахима САҒАТОВА,**
**Ш.Берсиев атындағы ауылдық модельді кітапханасының кітапханашысы.**